

**Родников ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 4 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Родников ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қарашада № 5143 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 31 қазандағы № 11-3/583 "Родников ауылдық округіндегі мүйізді ірі қара және ұсақ мүйізді қара малдарының шектеу шараларын алу туралы" ұсынысы негізінде, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Родников ауылдық округі әкімінің 2015 жылы 24 маусымдағы № 4 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4424 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 шілдеде "Мәртөк тынысы" аудандық газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*Т. Рапнева*